

ЖАЙ ПАЙЫЗДАР

Жай пайыздар - салымның немесе борыштың бастапқы сомасына есептеу жүргізілетін пайыздарды есептеу әдісі. Есептеу формуласы:

$$S = a \cdot (1 + y \cdot x : 100)$$

мұндағы

S - көбейетін (банкке қайтарылатын) сома,

a - бастапқы алынатын сомасы,

x — пайыздық мөлшері,

y – пайыздарды есептеу кезеңдерінің саны.

МЫСАЛ. Банкте Нұрзия айына 8% мөлшерінде бір жылға 700 000 теңге қарыз алды. Ол бір жылдан кейін банкке қанша ақша қайтарады?

Шешуі. $a = 700\,000$; $y = 12$ ай; $x = 8\%$, онда

$$\begin{aligned} S &= a \cdot (1 + y \cdot x : 100) = \\ &= 700\,000 \cdot (1 + 12 \cdot 8 : 100) = 1\,372\,000. \end{aligned}$$

Жауабы. Нұрзия бір жылдан кейін банкке 1 372 000 теңге қайтарады.